

*Тақырыбы:*

*Жас ерекшеліктері  
психологиясының жалпы  
мәселелері.*

- I. Жас кезеңдері бойынша даму проблемалары. Жас ерекшеліктері психологиясының зерттеу пәні мен әдістері.
- II. Бала психикасының даму факторлары.




Жас ерекшеліктері психологиясы адамның бүкіл өмір бойындағы психикалық қасиеттері мен тұлғасының даму үдерісін зерттейді. Жас ерекшеліктері психологиясының бұл бөлімінде *бала дамуының заңдылықтары мен фактілері анықталады.*

Жас ерекшеліктері психологиясының психологияның басқа салаларынан басты айырмашылығы – даму қарқынына басым көңіл бөлінуі. Сондықтан оны *генетикалық психология* (грек тілінде «генезис» - шығу тегі, қалыптасу) деп атайды.


Жас ерекшеліктер психологиясы психологияның басқа салаларымен:

- Жалпы психологиямен
- Тұлға психологиясымен
- Әлеуметтік педагогикалық және дифференциалдық психологиясымен тығыз байланысты. Жалпы психологияда психикалық қасиеттер – қабылдау, ойлау, сөйлеу тілі, ес, зейін, қиял зерттеледі.




*Жас ерекшеліктері психологиясы* – баланың даму үдерісін қарастыра отырып, ол әртүрлі жас кезеңдеріне сипаттама береді, «жас» және «балалық шақ» деген ұғымдарды қолданылады.

*Жас немесе жас кезеңі дегеніміз* – бала дамуындағы өз құрылымы мен қарқыны бар цикл. Психологиялық жас жекелеген баланың оның туылу туралы куәлігінде, кейінірек төлқұжатында жазылған хронологиялық жасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Өзінің қайталанбас мазмұны – баланың тұлғасы мен психикалық қасиеттерінің даму ерекшеліктері, оның айналасындағы адамдармен өзара қатынастарының ерекшеліктері және ол үшін басты болып табылатын іс-әрекеті бар жас кезеңінің белгілі бір шектері бар.



Екіншіден, бастапқы жас кезеңдері *балалық шақты* – негізінен ересек өмірге, өздігінен еңбек етуге дайындық болып табылатын тұтас бір дәуірді құрайды.

Балалық шақ – дәстүрлі түрде жас ерекшеліктері психологиясының бірінші бөліміретіндегі балалар психологиясы баланың туылғаннан . Жасқа дейінгі даму үдерісін қамтиды. Алғашқы қауымдық қоғамдағы балалық шақ қысқа, ал орта ғасырларда ұзағырақ болған, қазіргі заманғы баланың балалық шағы одан да ұзағыраққа созылды. Өзіне тән ерекшелігі бала өмір сүріп, оқып және тәрбиеленіп отырған қоғамның әлеуметтік-экономикалық деңгейімен анықталады.



# Психологиялық зерттеуді ұйымдастыру әдістері

```
graph TD; A[Психологиялық зерттеуді ұйымдастыру әдістері] --> B[Кесінділер әдісі]; A --> C[Салыстырмалы әдіс]; A --> D[Соцометриялық әдіс]; B --> E[Лонгитюдтік әдіс]; C --> F[Бақылау әдісі];
```

Кесінділер әдісі

Лонгитюдтік әдіс

Салыстырмалы әдіс

Бақылау әдісі

Соцометриялық әдіс

*Кесінділер әдісі* - Балалардың айтарлықтай үлкен топтарында нақты әдістемелердің көмегімен дамудың белгілі бір аспектісі, мысалы, ақыл-парасаттың даму деңгейі зерттеледі. Нәтижесінде балалардың осы тобына-бір жастағы балаларға немесе бір оқу бағдарламасы бойынша оқытылып жатқан мектеп оқушыларына тән мәліметтер алынады.

*Салыстырмалы әдіс* – Әр топ бойынша мәліметтер өзара салыстырылып, бұд жерде дамудың қандай үрдістері байқалатындығы және олардың немен байланысты екендігі туралы қорытындылар жасалады.



*Лонгитюдтік әдісі* көбінесе «бойлық зерттеу» деп атайды. Бұл жерде сол бір баланың ұзақ уақыт бойына дамуы қадағаланады. Мұндай зерттеу дамудың дәйектірек үрдістерін, «көлденең» кесінділермен қамтылмайтын аралықтардағы кішігірім өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

*Бақылау* – кез келген жастағы балалардың дамуын зерттеу кезінде қолданыла алатын болса да, кішкентай балалармен жұмыс істеу кезінде таптырмайтын әдіс. Бақылау күрделі әдіс, оны қолдану бірқатар талаптарға жауап беруі тиіс.

*Социометриялық әдіс* – Балабақша тобында немесе мектеп сыныбында қалыптасқан балалардың арасындағы қатынастарды анықтауға мүмкіндік береді.

Интеллектуалдық даму әр алуан әдістемелердің, бірақ негізінен стандартталған *сынамалардың* көмегімен зерттеледі. Балалар психологиясы тарихындағы алғашқы сынама -Бине-Симон сынамасына вервалды (ауызша) түрде берілген және берілген және белгілі бір жас кезеңіне арналған бірқатар тапсырмалар кірген.

4-16 жастағы балаларға арналған Векслер сынаması ауызша және көрнекті(бейнелі) түрде берілген тапсырмаларды қамтиды. Оны қолдану кезінде екі көрсеткіш –ауызша және ауызша емес көрсеткіш, сондай-ақ жиынтық «жалпы интеллектуалдық көрсеткіш» алынады. Жалпы, әртүрлі сынамалармен жұмыс істей отырып, психолог интеллектуалдық коэффициент – IQ-ді есептеп шығарады:

$$IQ = \frac{\text{ақыл-ой дәрежесі бойынша жасы}}{\text{хронологиялық жасы}} \times 100$$

Егер бала өз жасына арналған барлық тапсырмаларды шешсе, оның IQ-і 100 ұпайға тең. 120 ұпайдан астам жинаған балалар – дарынды, өз жас нормасынан айтарлықтай артта қалған балалар ақыл-ой дамуында артта қалған балалар ақыл-ой дамуында артта қалған балалар болып есептеледі.

Әр түрлі айқындаушы тәжірибелермен қатар, жас ерекшеліктері психологиясында *қалыптастырушы* тәжірибе қолданылады. Арнайы жағдайларды жасау арқылы онда белгілі бір психикалық қасиеттің даму қарқыны қадағаланады. Л.С.Выготский осылайша балада ұғымдардың қалыптасу үдерісін бақылаған (тәжірибелік-генетикалық әдіс). Қазіргі уақытта күрделі қалыптастырушы тәжірибелер, негізінен – бір немесе бірнеше жыл ішінде мектепкедейінгі жастағы балаларда-қабылдау, бастауыш мектеп оқушыларында теориялық ойлау дамитын оқытып-үйретуші тәжірибелер құрылады.

Қорыта айтқанда, балалар жұмысының этикалық аспектіні атап өткен жөн. Оған ақыл-ой тұрғысынан жеткіліксіз дамыған баланың тағдыры байланысты болуы мүмкін. Бала интеллектуалдық тұрғыдан сенімді, бірақ педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған — онымен үйінде аз қарым-қатынас жасалған, жеткіліксіз жұмыс жүргізілген, және оның өздігінен сынама тапсырмаларын шешуге шамасы келмейтін болуы мүмкін.



Назарларыңызға рахмет



EO Ei